

## **Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 «Ә» сыныбында 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау**

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 «ә» сыныбы 2021-2022 оқу жылын 15 оқушымен бастады. Олардың 9 ер, 6 қыз бала. Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік төлқұжаты, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар жоқ. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыдан шыққан бірнеше оқушы бар. Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырылды.

Қыркүйек айында жылдық жоспарға сай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» білім сағаты, «Тілдің мерейі-елдің мерейі», «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-Отбасы», «Мамандыққа бейімділікті анықтау» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сынып оқушыларының жетістіктеріне тоқталып өтетін болсақ:

Қазан айында Тобық Жармағамбетов атамиздың туған күніне орай «Есімі ел жадында Ер Тобықтың» атты аудандық шараға 10а класс оқушылары белсене қатысып, эссе жазу бағыты бойынша Кәдірханова Гауһар І дәрежелі дипломмен және қаржылай жүлдемен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 10 ә сыныбынан 2 оқушы: Игілікова Ханшайым құқық негіздері, Нұржанов Райымбек қазақстан тарихы пәндері бойынша қатысып, облыстық кезеңге Игілікова Ханшайым жолдама алып, нәтижесінде облыстық кезеңнен жүлделі ІІІ орынды иемденді.

Мамыр айында «Шәймерденов - әдеби тұлға» облыстық эссе байқауынан 10 ә сыныбынан Меңдіханова Л қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды.

«Анаға тағзым» Республикалық эссе байқауынан 10 -сынып оқушысы Игілікова Ханшайым ІІ орын 2022ж

Сынып оқушыларының спорт саласында да жетістіктері бар. Атап айтқанда, 15-17 қазан аралығында «Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» еркін күрестен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Қ.Мұңайтпасовтың 150 жылдығына аналған спорт мектебі біріншілігінде «62» кг салмақ дәрежесінде 10ә класс оқушысы Бітікен Нұрқанат І орынды иеленді.

Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім бееретін мектеп оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп» баскетбол жарысында ІІ дәрежелі дипломға Нұржанов Райымбек ие болды.

«Әдептілік- әдемілік», «», ақпан айында «Оқушы өміріндегі отбасының өмірі», «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түпқазығы» пікіралмасу, «Мейірімділік пен сыпайылық ережелері» (психологпен кездесу), наурыз айында алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту -парызым», «Жыл басы - Наурыз, Мол болсын дәм-тұз» тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Жалпы сынып оқушылары сыныптан тыс шараларға қатысуда белсенділік танытады. Алдағы уақытта тәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жұмыстар әлі жүргізіледі және оларды сынып жетекшінің басшылығымен өз мәнінде өткізуге белсене атсалысады.

Сынып жетекшісі



Б Мейров